

# МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ТЕОРИЯСЫ МЕН ТАРИХЫ / ТЕОРИЯ И ИСТОРИЯ ГОСУДАРСТВА И ПРАВА

УДК 81'276.6:34  
МРНТИ 10.01.33



## **ҚАЛМЫРЗИНА ЗАРИНА ЖАНДАРБЕКҚЫЗЫ<sup>1</sup>**

*<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының  
жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы,  
Қазақстан Республикасы, Астана қ.*

### **ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫ МӘТІНДЕРІН ЖАЗУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Түйін.** Мақалада заң құжаты мәтінін жазуда қолданылатын терминологияның кейбір мәселелері қарастырылады. Заң хаты терминологиясына тән ерекшеліктер талданады. Заң құжаты мәтінін жазуда қолданылатын терминдерді жіктеу критерийлері келтіріледі. Заңгерлердің қолданыстағы барлық заң терминдерін меңгеру маңыздылығы негізделеді. Сонымен қатар, қажет жағдайда оларға жаңа терминдерін құрастыру. Қорыта келе, автор заң құжаты мәтінін жазуда кез-келген заң құжаты терминологиясын қолданудың өзіндік қағидалары мен арнайылығын ескеруді ұсынады.

**Түйінді сөздер:** заң құжаты, мәтінді құрастыру, терминология ерекшеліктері, терминдердің жіктелуі, терминологияны қолданудың қағидалары мен арнайылығы, заң хаты.

**Аннотация.** В данной статье рассмотрены некоторые вопросы терминологии, используемой при написании текстов юридических документов. Проанализированы характерные особенности, связанные с терминологией юридического письма. Приведены критерии классификации терминов, используемые при написании текста юридического документа. Обоснована важность овладения всеми существующими юридическими терминами юристами. Также при необходимости умение формулировать ими новые термины. В заключении автором предлагается при написании текстов юридических документов учитывать правила и специфику использования терминологии того или иного вида юридического документа.

**Ключевые слова:** юридический документ, составление текста, особенности терминологии, классификация терминов, правила и специфика использования терминологии, юридическое письмо.

**Annotation.** The article considers some issues of terminology applied while writing a text for a judicial document. The peculiarities related to terminology of a judicial letter are analyzed. The criteria for classifying terms used in writing a judicial document are given. The author proves the importance of lawyers' mastering all the terms that exist at the moment and the ability to use these terms for explaining the new ones. In conclusion the author suggests taking into account the rules and specifics of using terminology in this or that type of a judicial document.

**Key words:** judicial document, writing a text, specifics of terminology, classification of terms, rules and specifics of using terminology, judicial letter.

Заң құжатының мәтінін құрастыру іскерлік, өзге тұлғааралық қарым-қатынаста жалпы қолданыстағы терминдердің, сонымен қатар, арнайы заң терминдері сияқты көптеген терминдерді қолдануды болжайды. Сондай-ақ, заң құжаттарының кейбір түрлерінде архаизмдер, этнографизмдер деп аталатын қалыптан тыс сөздерді қамтуы мүмкін. Кез-келген бір тарабы шетел азаматы немесе шетел заңды тұлғасы болып табылатын заң құжатының мәтінінде әртүрлі шет тілінің терминдері қолданылатын болады. Өндіріс саласы, басқа да техникалық салалардағы түрлі құқықтық қатынастарға қатысты келісімдерде осы нақты салаға ғана тән техникалық терминдердің болуы міндетті.

Бірқатар ғалымдардың пікірінше, заң құжатының мәтінін жазу кезінде қолданылатын барлық терминдер түрлі критерийлер бойынша жіктелуі мүмкін. Олар: таралуының кеңдігіне қарай: жалпы қолданыстағы, арнайы (заң, техникалық, медициналық,

экономикалық және т.б.) терминдер; мазмұндау стиліне қарай: ресми, қатаң және бейресми, қалыпты терминдер; заң құжаттарының түрлеріне байланысты: нормативті және нормативті емес терминдер; шығу тәркініне қарай: қазақ тілінің немесе шет тілінің терминдері; нақтылығына байланысты: бір мағыналы және түсіндіруді талап ететін терминдер; құрамына қарай: бір құрамды және көпқұрамды терминдер; еріктілік мазмұнына қарай императивті және диспозитивті терминдер [1].

Осылайша, жоғарыда айтылғандай, заң құжатының кез-келген мәтінінің мазмұны жалпы қолданыстағы, арнайы заңи, шет тілі, техникалық терминдерді, архаизмдер, этнографизмдерді қамтуы мүмкін екендігі белгілі болды. Бұдан басқа, заң құжатының мәтінінде сөздердің қалыптан тыс қайталануының алдын алу мақсатында синонимдік мағынасы бар сөздерді қолдану мүмкіндігі беріледі. Сонымен бірге, заң құжатының мәтінінде омонимдік сөздер де қолданылады. Алайда, көбіне омонимдік сөздер құқықтың

бір саласы аясында қолданылмайды, себебі бұл заң бұзушылықтар мен нормативтік құжат мағынасының бұзылуына алып келеді.

Көбіне заң құжаты мәтінін құрастырушылардың жүгінетін заң хатының терминологиясына байланысты тән қателер ретінде, біріншіден, тек жалпы қолданыстағы терминдерді ғана қолданып, құжат мәтінінен барлық арнайы терминдерді, басқа да қарапайым оқырманға түсініксіз болатын терминдерді алып тастау; екіншіден, заң құжаты мәтінін түрлі ғылыми, техникалық, басқа да арнайы терминдермен артығымен күрделендіріп, оны ғылыми трактатқа айналдыру болып табылады [2]. Осы тұста, “алтын орта” қағидасын ұстана отырып, кез-келген жалпықолданыстағы болып табылмайтын және заң құжаты мәтінінде берілген кез-келген арнайы термин ресми түсіндіру нысанында немесе бейтарап лексиканы пайдалану жолымен мәтіннің басында немесе соңында түсіндірілуі керек.

Заң құжатының мәтінін құрастыру кезінде терминология бірегейлігі қағидасы жұмыс жасайды. Аталған қағида заң құжаты мәтінін жасаушы жекелеген жағдайларды жазуда алдын ала таңдалған және осы құқық саласының заң құжаттарының түрлері үшін жалпы қабылданған бірегей терминологияны қолдануға міндетті екендігін болжайды. Басқа сөзбен айтқанда, заң құжаты мәтініне кейінгі уақытта өзгертулер немесе толықтырулар енгізгенде, бастапқыда пайдаланылмаған басқа терминдерді

қолдануға болмайды. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, бұл қағида ескерілмеген жағдайда, көптеген сілтеме нормалары пайда болып, олардың мәнін түсіну үшін құқықтың қосымша дереккөздерімен жұмыс жасау талап етіледі.

Білікті заңгер барлық заң терминдерін еркін білуге, ал қажет жағдайда, жаңа терминдерді құрастыра білуге міндетті. Жаңа заң терминдерін құрастыру барысында, келесі ережелерді ескеруі қажет [3].

1. Нақты заң құбылыстарын қарастыра отырып, «ұғым» және «анықтама» сөздерін айыра білу керек. Ұғым – бұл заңды құбылыстың, объектінің қысқаша атауы. Анықтама – бұл заңды құбылыс, белгілер мен қасиеттердің объектісін құрастырушылардың жиынтығы. Ұғымды «термин» сөзімен, ал анықтаманы «дефиниция» сөзімен алмастыруға да болады.

2. Нақты ұғымның мазмұнын ашу үшін, оның ең маңызды болып табылатын белгілерін ғана атап өту керек. Заңды құбылыстың, объектінің оған тиесілі ретінде абсолютті барлық қасиеттерін көрсетудің қажеті жоқ. Әдетте, ұғымды сипаттау үшін бір тірек сөз – зат есім таңдалады, оның жанына басқа сөз таптары (сын есім, есімше, үстеу және т.б.) шоғырланады. Сонымен қатар, қолданылатын сипаттамалар айқындалып жатқан құбылыстың сипаты жөнінде мейілінше жалпы, сыртқы көрінісін беруі тиіс. Ұғымның өзі қысқа (сөйлемнің 2-3 бөлігінен аспауы қажет), мазмұны кең әрі ықшамды болуы қажет.

3. Анықтамада нақты заңды құбылыстың оны басқамен шатастыру мүмкіндігін бермейтін айырмашылық белгілері ғана болуы тиіс. Заттың бұндай ерекше белгілері (қасиеттері) анализ және синтез жүргізу жолымен белгіленеді.

4. Нақты ұғымды анықтау барысында өзіндік түсіндіруді талап ететін кез-келген терминдерді қолдануға жол берілмейді. Басқа сөздермен, ұғымның өзін анықталып жатқан ұғым немесе басқа ұғымдар арқылы түсіндіруге болмайды.

Берілген ережелерді нақты мысалмен көрсететін болсақ, «депутат – депутаттық иммунитетке ие тұлға» фразасында екі бұзушылықты байқаймыз: «депутат» ұғымының анықтамасы анықталатын сөз арқылы беріліп отыр; сонымен қатар қайта түсіндіруді талап ететін қосымша термин – «депутаттық иммунитет» қолданылуда.

Осы тұста, заң құжаты мәтінін жазу кезіндегі терминдердің жекелеген түрлерін қолдану мәселесін қарастырған дұрыс деп есептейміз.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, азаматтық-құқықтық келісімдер, талап арыз мәтіндерін жасайтын білікті заңгерлер және нормативтік акт мәтінін жасау кезінде заңшығарушылар күнделікті терминологияны артық қолданбауға тырысады. Осы қағида ескерілмеген жағдайда, оқырманда заңдық материалдың мағынасын түсінуде, оның шынайылығын анықтауда біршама қиындықтар туындайды. Мысалы, еңбек шартының мәтінінде «еңбекақы» терминінің орнына «жалақы» терминін қолдану дұрыс

болмайды. Бірақ «жалақы» сөзі күнделікті және жалпықолданыстағы термин болып табылады.

Одан басқа, мәтінді күнделікті қолданыстағы немесе жаргон сөздерімен байыту заң хатының этика ережелерін бұзу болып есептеледі, себебі заңды құжат ресми, көбіне мемлекеттік сипатта болуы керек. Заң хатының бейтараптылығы оның болмысы, әлеуметтік міндеттілігімен белгіленген, ол заң материалдарын тиімді игеруге мүмкіндік береді.

Сол сияқты, шет тілінің терминдері – белгілі бір әлем елінің тілінен немесе диалектінен, жеке ел, ұлт сөйленісінен алынған түрлі сөздер. Алғашқы рет шет тілінің терминдері рим құқығының бірқатар нормаларын заңнамаға енгізу кезінде қолданылды. Нормативтік акт мәтінін құрастыру кезінде шет тілінің терминдерін қолданбау мүмкін емес, себебі көптеген шет тілінің сөздері жалпықолданыстағы сөздерге айналды (мысалы, «акция», «вексель», «прокурор», «нотариус» және т.б.), ал Қазақстан Республикасы көптеген халықаралық келісім-шарттардың қатысушысы болып табылады.

Заңшығарушылар шет тілінің заңи терминологиясын қолдануға заңнамалық шектеулер орнату жолымен қарсы шығуда, алайда бұл көп жағдайда түрлі заңдық коллизияларға алып келеді. Бұл жағдайдан шығудың барынша дұрыс және заң жүзінде тиімді шешімі өзіміздің заң құжаттарының мәтінін жасау кезінде шет тілінің заңи терминологиясын пайдаланудың заңнамалық ережелерін орнату болып табылады.

Арнайы терминдер, нақты айтқанда техникалық және ғылыми терминдер ерекшелігін қарастыратын болсақ, бұл терминдердің шектеулі мамандық салаларында туындайтын құқық қатынастарын реттеу үшін ғана қолданылатын сөздер екендігін ескергеніміз жөн. Бұл салаларға, мысалы, қала құрылысы, жерге орналастыру, жол қозғалысы, қауіпсіздік техникасы, қауіптілігі жоғары көздерді пайдалану, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, медицина, сақтандыру және т.б. жатады. Заң құжаты мәтінінде арнайы терминдерді қолдану оның қажеттілігінің деңгейі әрбір нақты жағдайда анықталады. Алайда, құқық қолданушы бұндай заң құжатымен жұмыс жасау кезінде тиісті ғылыми немесе техникалық білімі бар маманның немесе сарапшының көмегіне жүгіну қажет болатынын білуі керек.

Заң құжаты мәтінін жазу кезіндегі терминдердің жекелеген түрлерін қолдану мәселесі архаизмдер мен этнографизмдер ерекшелігі жөнінде атап өткен жөн. Архаизмдер деп тілімізге ежелден келген көнерген сөздер аталады. Көнерген сөздерді қолдану заң хаттарына тән емес, алайда олардың активтенуі мен пассивтену қызметіне қарай қолданылатын жағдайлар болатынын ескеру керек. Айтқанымыздың мысалы ретінде, қылмыстық, қылмыстық-процессуалдық құқық саласында қолданылатын «алқаби» сөзінің құрамындағы «би» сөзін келтірсек болады. Жалпы алғанда, заң құжаты мәтінін жазуда көнерген сөздерді қолданбас бұрын, олардың қазіргі

мағынасына көз жеткізгеніміз дұрыс, сол сөздің кең таралуы және қолдану деңгейін тексеру керек.

Сондай-ақ, этнографизмдер ерекшелігін атап өткен орынды. Этнографизмдер деп белгілі бір аймақта ғана белгілі заттарды, құбылыстарды білдіретін және тілімізде синонимі жоқ сөздер. Заң тілі этнографизмдерді қолданбауға тырысып, тілдің бүгінгі күнгі стандарттарына бағдарлануы қажет, алайда кейбір себептерге байланысты бұл мүмкін емес. Сондықтан этнографизмдерді қолдану кезінде оларға түсінік бергеніміз жөн.

Аталмыш тақырып аясында синонимдер мен омонимдер ерекшелігін қарастырғанымыз дұрыс. Мысалы, «келісімшарт» сөзінің келесідей синонимдері бар: шарт, келісім. Заң құжатының мәтінінде синонимдік сөздерді мағынаға сай, дұрыс қолданбау, құжаттың мағынасын бұрмалауға, ал нәтижесінде ол құқықтық актінің, құқық қолданушылық акт нормалары мен келісімдерін, олардың жеке қағидаттарын қолданудың тиімділігін төмендетуге алып келеді.

Сәтсіз таңдалған белгілі бір сөздің синонимі заңды құжат нормасының мағынасын кеңейтуі, немесе керісінше, тарылтуы мүмкін. Сондықтан синонимді пайдаланудың орнына, сөзді қайталап қолданған дұрысырақ болады. Бұндай жағдай заңды құжат мәтінін оқу мен түсінудің көп мағыналылығын, басқа да жағымсыз нәтижелердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Осымен, жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, кез-келген тұлға заң құжаттарының

мәтінін жазуда заң құжатының түрін, қолдану аясын, оның ұқсастықтары мен ерекшеліктерін зерделей отырып, терминологияны

пайдаланудың ережелеріне және оның арнайлығына сай қолдану қажеттілігін ескеруі тиіс деп есептейміз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Васильева, Т.М. Юридическое письмо [Текст]: Учебник / Т.М. Васильева, О.В.Воробьева, О.А.Хазова. - М.: Волтерс Клувер, 2010 - учебник.

2. Кашанина, Т.В. Юридическая техника [Текст]: учебник. 2-е изд. пересмотр./ Т.В.Кашанина. — М.: Норма: ИНФРА-М, 2011. — 496 с – учебник.

3. Юридическая техника [Текст]: Учебное пособие по подготовке законопроектов и иных нормативно-правовых актов органами исполнительной власти. Под ред. Т.Я. Хабриевой, Н.А. Власенко. - Москва, издательство «Эксмо», 2009 – учебное пособие.